

Б.СОҚПАҚБАЕВТЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТРОП ТҮРЛЕРІНІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Испандиярова А.Т. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі.

Бұл мақалада көркем шығармалардағы троп түрлерінің қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Көркем шығармаларда автордың өзіндік тілдік қолданысын анықтайтын троп түрлеріне талдау жүргізіледі. Жазушының троп түрлерін талдап, таңдап кейіпкердің образын сомдауда, мінезін ашу, портрет жасау, шығарманың идеялық-көркемдік жақтарын жетілдіруде тағы да басқа толып жатқан мүмкіндіктерге сай етіп, белгілі бір стильдік мақсатпен қолданғанына тоқталған. Қазақ әдебиетінің классик жазушысы Б. Соқпақбаев соғыс кезіндегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін өзінің шығармаларына арқау етіп алған. Шығармаларындағы суреттелген оқиға, табиғат көріністері, қазақтың шынайы өмірі, ұлттық дүниетаным мен болмысы, сөз маржандары, авторлық қолданыстағы тілдік бірліктер арқылы ашылған. Автор әр метафора, синекдохаларды берілетін ойды құбылтып айту үшін әрі шығармаға эмоционалды-экспрессивтік реңк беру мақсатында ұтымды пайдаланған. Автор тұрмыс тіршілікті көрсету мақсатында, кейіпкерді мінездеуде, кейіпкердің портретін беруде, экспрессивті әр беру мақсатында, мезгіл, сандық мөлшер, сын сапа белгілерін айқындап көрсету мақсатында метафоралар мен синекдохаларды тиімді қолданғаны байқалады. Жазушы шығармаларындағы метафоралар кейіпкер бейнесін толықтай ашумен қатар, өзіндік ой-арманын, сағыныш сезімін дәп басып беруге қызмет етеді. Мақалада көркем шығармадағы метафоралар мен синекдохалардың қолданысы жан-жақты қарастырылып, қолданылу аясына зерттеулер жүргізілген.

Негізгі сөздер: метафора, синекдоха, көркем шығармада

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РАЗНОВИДНОСТЕЙ ТРОП В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ПРОЗЕ Б.СОКПАКБАЕВА

Испандиярова А.Т. – старший преподаватель, магистр гуманитарных наук Костанайского государственного университета имени А.Байтұрсынова

В данной статье рассматриваются особенности использования разновидностей троп в художественных произведениях. В художественных произведениях проводится анализ разновидностей троп, определяющих особенности стилистического применения. Автор при раскрытии образа героев мастерски использует разновидности троп, обороты для создания портрета героя, раскрытия характера, полноты общей картины произведения.

Писатель, классик казахской литературы Б. Сокпақбаев в своих произведениях брал за основу жизнь и быт казахского народа в период войны. Описанные в произведениях события, явления природы, реальная жизнь казахов, национальное мировоззрение и бытие, жемчужины слов раскрывались через языковые единицы авторского пользования. Для более яркого выражения мыслей и придания произведениям эмоционально-экспрессивного оттенка автор умело использовал каждую метафору, каждую синекдоху.

В целях описания жизни и быта, характеристики героя, создания портрета героя, экспрессивной окраски, в целях конкретизации периода, количества, критики и определения качества наблюдается эффективное использование автором метафор и синекдох.

В произведениях писателя метафоры не только раскрывают образ героя, но и дают возможность передать его мысли, чувство тоски.

В статье всесторонне рассматривается использование метафор и синекдох художественных произведений, проведены исследования в части их употребления.

Ключевые слова: метафора, синекдоха, художественное произведение

USING VARIETIES OF STYLISTIC METHODS IN B.SOKPAKBAEV'S PROSE

Isbandiyarova A.T.- senior teacher master of the humanities KostanayState University named after A.Baitursynov

In this article the peculiarities of 'stylistic methods' varieties in the prose are considered. Analysis of types of stylistic methods, determining the stylistic features of the application is carried out in the work. In disclosing the image of the heroes the author skillfully uses a variety of artistic methods, ways to create a portrait of the hero, the nature of the disclosure, the completeness of the work.

B. Sokpakbaev is a classic and a writer of Kazakh literature, he described the Kazakh people's life during the war in his works. Describing the events in the works, the phenomena of nature, the real life of the Kazakhs, the existence of national and world view, creating a jewel of words, the author used the language units. For a more vivid expression of thoughts and make works of emotional and expressive shades B. Sokpakbaev skillfully used every metaphor, every synecdoche. The author also used metaphor, synecdoche for the description of everyday life, the characteristics of the hero, a skilful creation a portrait of the hero.

By using metaphor the writer reveals not only the image of the hero, but also provides an opportunity to convey his thoughts, a sense of melancholy.

In the article the use of metaphor and synecdoche are comprehensively reviewed, as an effective means of expressing artistic thought of the writer, and he made some research work on particular cases of its usage in the works.

Key words: metaphor, synecdoche, research work

Метафора дәстүрлі зерттелуде көбінесе тілді көркемдеуші құрал ретінде танылады. Ол көркем әдебиет пен шешендік өнердің адресатқа әсер ету қызметі тұрғысынан зерттеліп келді. Оның тілдік сипатына соңғы уақыттарда ғана көңіл бөліне бастады. Бұл ретте, ең алдымен метафораның адамның ойлау үрдістерімен байланыстылығы және тілдегі әлем туралы білімнің бейнелену заңдылықтарына қатысы ескеріле бастады.

«Белгілерінің ұқсастығына қарай бір заттың не құбылыстың атауымен аталуының негізінде сөз мағынасының ауысуы - метафора деп аталады» немесе «Метафора - сыртқы не ішкі ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау. Екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою» [1, 23].

Қ.Жұмалиев метафораны «сыртқы не ішкі бір ұқсастығына қарап, бір нәрсені екінші нәрсеге балау, екі нәрсенің арасына тепе-теңдік белгісін қою» деп анықтаса [2,117], З.Қабдолов «метафора сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, зерттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» деп тұжырымдайды [4, 214].

Орыстың тілші ғалымы А.И. Ефимов метафора құбылысының қызметі туралы былай дейді:

«Метафоризация - это область формирования образных средств, непрерывно появляющихся в процессе общественного речевого творчества, а также деятельности выдающихся художников слова» [5, 121].

Қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынов метафораға «ауыстыру» деген атаумен ғылыми талдаулар жасап, теориялық анықтама берген:

«Сөздің көбін өз мағынасында жұмсамай, өзге мағынада жұмсаймыз. Арасында тек ұқсастық жоқ, екі нәрсенің етететін әсері бірдей болса, біріне қас қамалды екіншісіне ауыстырып айтамыз. Мәселен, «күн құтырып кетті», «аяз қарыған», «қырау соққан» дейміз. «Құтырып кетті», «қарыған», «соққан» деген сөздер нақ өз мағынасында емес, өзге мағынада айтылып тұр. «Құтыру» жанды, есті нәрсенің күйін көрсететін сөз. Мұнда күннің желдетуі адамның құтырған күйіне ұқсас әсер ететіндіктен жанды нәрсенің күйін көрсететін сөз күннің күйін көрсетуге ауыстырылып алынып тұр. Осындай ұқсастығымен ауыстырылып, өз мағынасынан сөзді өзгелеп айту - ауыстыру деп аталады», -дейді ғалым [6, 69].

Орыс тіл білімінде метафоралар тағы да лексикологиялық, лексикографиялық, психологиялық тұрғыда да зерделенді. Тілдік метафоралардың сипатын морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік мәселелер шеңберінде айқындауға тырысқан А.А. Потебня, В.В. Виноградов, В.В. Лопатин, Н.Д. Арутюнова еңбектерін атауға болады. Әсіресе метафораның синтаксисі терең зерттеледі. В.В. Виноградов орыс тіліндегі метафоралық мағыналы сөздің бір нәрсені жекелеп көрсетуіне байланысты ерекше синтаксистік позициясын ескере отырып қарастырады [5, 102].

Көркем прозада болсын, поэзиялық шығармаларда болсын метафора - сөз мәнін түрлендіре, өңдендіре, құлпыртып, өзгертіп айту үшін тартылатын тілдік бірлік. Суреттеліп отырған затты яки құбылысты образды бейнелеу үшін, оларды өзге затқа не құбылысқа балау арқылы беру, автордың айтпақ ойын әсірлеп, суреттеліп отырған жайттың мағынасын тереңдетіп, оқырман сезіміне әсерін күшейте отырып жеткізу үшін, оқиғаның немесе затты, құбылыстың мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту үшін метафора бірден-бір көркемдегіш тәсіл.

«Белгілі бір затты не құбылыс атауы басқа бір зат не құбылыстың түрі, тұлғасы, қимыл-әрекет ұқсастықтарына қарай ауысып аталу тәсілін метафора деп атайды. Мысалы, иненің көзі, бұлақтың көзі, істің көзі, күн көзі дегендегі көз сөздері адам не жануардың мүшесі - көзге ұқсату арқылы аталатын ауыспалы мағынадағы сөздер. [7].

А. Айғабылова метафоралар арқылы ауыспалы мағына туғызу тәсілін үш түрге бөліп қарастырады. 1. Тілдік метафора. Тілдік метафора жалпы халық тілінде: сөйлеу, жазу, оның ішінде әдеби шығармаларда да кең қолданылады. Мысалы, таудың басы, өзеннің басы, қос басы, әскер басы, кітап беті, істің беті, судың беті, жердің беті т.б.

2.Тұрақты метафора. Тұрақты метафоралар жалпы халық тілінде қолданылатын, бірақ суреттеу құралы ретінде образдылығымен ерекшеленетін ауыспалы мағыналы сөздер. Мысалы, сары алтын (бидай), ақ алтын (мақта), алтын күз, сөз маржаны, жасыл алаң (футбол), көгілдір экран (телевизор) т.б.

3. Индивидуалдық метафоралар. Бұл топқа сөз шеберлерінің метафора тәсілі арқылы қолданған көпшіліктің қолданысында жоқ метафоралар енеді». [7,10-б].

Осы үш метафораның түрі Б. Соқпақбаевтың шығармаларында кеңінен қолданылған. Мысалы, Төсекте қарсы, терезе жақта өз алдына **оқшау топ бол, шүйіркелесіп бірнеше қыз-келіншектер отырған.** (3, 9-б) Жазушы «оқшау топ» метафорасын тұрақты метафора ретінде қолданғанын көреміз. «“Өңгімені қой да, үйлен, үйге шүйкебас біреуді кіргізіп бер”- деп, ағайымның құлағын дамылсыз қашай беретін оның өзі еді» (3,8-бет). Автор келін деген сөздің орнына ауыспалы мағынада **шүйкебас** деп қолданған.

“Қарға тамырлы қазаққа бірімен бірі жақын бола кетуге осы да жеткілікті. Әйтпесе, Нұрәлі үйі бұған дейін бізбен онша көп араласпайтын.” (3, 16 б) *Қарға тамырлы қазаққа* тіркесі автордың даралық стилін көрсететін метафора.

Сонымен, көркем шығарма тіліне метафораның айрықша ажар беретіндігіне көзімізді тағы да жеткізе түсеміз. Ал жазушы еңбектерінде бұл метафоралық қолданыстар төмендегідей көрініс тапқан:

“Шетімізден Наполеонбыз.

Шетімізден Суворовпыз.

Шетімізден Александр Македонскийміз.

Қазіргі ел басына қауіп төнген қиын кезде фасистерді талқандап майданда жүрмей, Қарасайдың көшесін таптап жүруіміз бір түрлі қылмыс тәрізді” (3, 34-б).

Бұл мысалда автор кейіпкерлердің ерекше қасиеттерін даралап көрсету мақсатында *Наполеонға, Суворовқа, Александр Македонскийге* теңеген метафоралар түрлерін қолданған.

“ Сәрсенбек екеуінің қосылғанына жыл жарымдай уақыт өтті. Дос сүйініп, дұшпан күйінгендей тату-тәтті семья құрып еді. Дүлей соғыс оны есепке алды ма?”(3, 35-б). Автор дүлей соғыс тіркесін суреттеп отырған оқиғаға экспрессивтік мағына үстеу үшін ұтымды пайдаланған.

“-Не, не айтасың? Осы арадан да естимін.

-Қасындағы періштеңнен айырылып қаламын деп қорқамысың?

Мен не айтарымды білмей қысылып қалдым.” (3, 15-б). Жазушы кейіпкер тілінде періште деген сөзді ауыспалы мағынада ұтымды қолдана білген.

“Музыканың сиқыр үні тамыр-тамырды балқытып, түгел билейді. Қанатсызға қанат, тілсізге тіл бітіреді. Әуелде бойларын жинақы ұстап, аяқтарын әдеппен қорғауға тырысқан бишілерден бір кезде ерік кете бастайды. Жаратылғанынан бір туып, біте қайнаған егіздерше біреуіне біреуі тақалып, жабысып алады. Төске төс, ауызға ауыз тиермен болып, күбір-күбір сөйлесіп, күле беретіндерін қайтерсің. Не айтып, неге күледі екен? Алпыс екі тамырдан ерік кеткенде айтылар сөз белгілі ғой: махаббат, біреуіне біреуі өліп-өші...” (3, 240 б). Жоғардағы мысалдарда кездесетін метафоралар-авторлық қолданыстағы метафоралар. Бұл мәтінде жазушы метафораларды сөзді ажарландыра түсу үшін эмиционалды-экспрессивті әр беру мақсатында пайдаланған.

«Метафора сөз мәнін түрлендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау, сөйтіп, зерттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу, мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту», [4, 214] деген метафораның қызметін автор шеберлікпен қолдана алған. Мысалы, қаламгер метафоралар арқылы кейіпкердің ішкі жан дүниесін, сыртқы келбетін де өзгеше етіп көрсете білген. Сонымен қатар, кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынастар, оларды қоршаған орта, оның тигізетін әсері де ұмытылмаған. Метафора фразеологизмдердің бейнелілігін арттырып отырған. Мысалы, *Бір жағынан шөп орылып бітпей, екінші жақтан егіннің пісуі таяп, мұрнынан су кетіп жатқан тығыз шақ* (3, 41- б).

Мұрнынан су кетіп жатқан тығыз шақ – жұмысы бастан асты дегенді суреттеп тұр. Дегенмен, автор уақытты әсерлі бейнелеу үшін **«мұрнынан су кетіп жатқан»** деген ауыспалы мағынадағы фразеологиялық тіркесті қолданған.

А.Сыбанбаева: «Метафораның қызметі арқылы тілдің лексикалық және фразеологиялық қабаты, жалпы сөздік құрамы, бір ұғым аясы кеңі түседі. Сөздің метафоралануы арқылы сөз саны еспегенімен, мағына аясы көбейеді, сөз мағынасы дамиды. Метафора - көптеген тіл қабаттарының шығу көзі. Мәселен, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер метафораға негізделіп жасалады» [8, 12],-деген тұжырым жасайды.

Жазушы шығармаларында метафоралар фразеологиялық тіркес ретінде көрініс тапқан.

Өмірдің сәнін келтіріп, жарастықпен ұғысып табысқан екі аққу тәрізді бірине бірі жан қияр жұбайларды біреуінен біреуін зорлықпен ажыратып әкеткелі жатыр(3, 35-б).*Бірақ жиырма үш жасар қабылан жігіт бұған мойымайды, шаршау дегенді білмейді.* (3, 11- б) *Төрт мүшесі сау,*

тепсе темір үзетін ағайыма комиссия не деуі мүмкін? Арқасынан бір қағып: «бар, жарайсың» дегеннен өзге ештеңе айтпас деп ойлаймын. (3, 34-б)

Бірінші мысалда келтірілген **жан қияр** сөзі – бірі-бірін сүйіп қосылған, екі жастың берік махаббаты мағынасын алмастырса, екіншісі қабылан жігіт тіркесі – мықты, жігерлі деген мағынада қолданса, тепсе темір үзетін ауыспалы мағынадағы фразеологиялық тіркесін кейіпкерді мінездеуде қолданған.

Шығармадағы кейіпкерлердің мінез ерекшеліктері метафоралар арқылы айқындалған. Мысалы, **«Қалидың жауыз бала екенін мен бірден білдім. Қолымнан келсе, шайнап жеп қояр едім, «Қап, сені ме!»** (3, 28-б)

Бұл мысалда автор **жауыз бала** деп кейіпкердің мінезін сипаттаған.

Б. Соқпақбаев өз шығармаларында метафораларды түрлі мақсатта қолданған.

1. Тұрмыс тіршілікті көрсету мақсатында.

Ол кезде Тұйықта клуб дейтін клуб жоқ, тек аты ғана. Бір кезде ішінде адам тұрған, қыстақтағы көп үйлердің біреуіндей аласа **тоқал үй**. (3, 13-б)

Көпшілік шалғай колхоздар тәрізді мұнда да радио жоқ, газет бірнеше күн кешігіп келеді. Соғыстың дәл қалай, қайтып басталғанын әлі ешкім жөндеп біле қоймайды. Қазіргі келіп жеткені ауданнан телефонмен беріліп, мұндағы **жаяу почта таратқан әлгіндей шолақ хабар**. (3, 28-б)

Майдандағы армияға **жылы киім жинау науқаны** басталды. Жұрт аямайды, иықтарынан сыпырып беріп жатыр. Киім жинайтын пункттерде төбе-төбе болып үйілген: тон, пима, ішік, малақай, биялай, байпақ, бөкебай... (3, 33 – б)

Иттер үріп шықты. Қараша **мықыр жаппалардың** арасында жалғыз ғана **боз үй**. Бұл сөз жоқ ферма меңгерушісінің үйі. (3, 49-б)

Боз үйдің алдына кел, аттан түсіп жатырмын. Жүрегім дүрс-дүрс. Аттарды мама ағашқа байлап жатып, **екі көзім киіз үйдің есігінде**. (3, 49 –б)

Ұры итте ұят, нысап болмайтын көрінеді. Болса, осымен бір емес, бірнеше рет жәукемеді. Қоймай ма? (3, 77-б) Үйге тез жетуге, мен үшін жер түбі саналатын ту сонау Алматыдан әкелінген нәркес көз, жас жеңгемді тез көріп танысуға ынтықпын. (3, 8б)

Үстімдегі киімдерім жамаулы, ескі жұмыс киімдері. Шалбарымның қалтасы тесік. Жеңгелерімнің біреуінің **әумесерлене сұққан қолы** сол тесіктен сумаң етіп ары қарай өтіп кетті. (3, 8 б)

2. Кейіпкерді мінездеуде метафораларды ұтымды пайдаланған. Мысалы,

Балуан денелі, беттері былшиған, қара мұрт, қара сұр адам. Бір көзінің ағы бар. Арақты сіміріп салғанда **бөренедей жуан мойны** жыбыр етіп қоймайды. (3, 16 б)

Ысқақты тәңірім қара еңбекке барынша бейімдеп жаратқан. Долбиған зор денесінде **өгіздің күшіндей күші бар**. (3,30-б)

Дереже дейтін кімді де **азды-көпті мас қылатын нәрсе** ғой. Колхозға председатель болғаннан кейін Нұрәлі өзгере бастады. (3, 38-б)

3. Б. Соқпақбаев кейіпкердің портретін жасауда да метафораларды ұтымды қолдана алған. Мысалы, **Көмірдей қара шашын желкесіне төгілдіре қырыққан**. Бұл Балжанның Ғалия дейтін қызы екен. (3, 10 б)

4. Экспрессивті әр беру мақсатында метафораларды тиімді пайдаланған.

Қалидің қарасы өшті ме екен деп, бір кезде артыма бұрылып қарадым. Сөйтсем, қарасы өшкен былай тұрсын, ол бізге қарай салып ұрып, қайтадан жүгіріп келеді. (3, 29-б)

Енді немене? Аяқ астынан не болып қалды? Әлде **аузыңа пәлен етейіндердің біреуі бірдеңе деп, көңіліңді қалдырды ма?** (3,42-б)

Қорыта айтқанда қаламгер туындыларындағы метафоралық қолданыстар жаңа ұғымдарға атау береді, әрі тілді байытады, сонымен қатар тілдік үнемдеуді жүзеге асыра отырып, берілген ойды нәрлендіреді.

Қаламгер шығармаларында көріктеу құралдары - синекдоха эмоционалды-экспрессивті мәні жағынан ұтымды қолданылған тілдік бірліктер болып табылады.

Б.Соқпақбаев шығармаларында синекдоханы қолданыста кеңінен, еркін түрде әрі шеберлікпен жұмсайды. Автор өзінің «Өлгендер қайтып келмейді» атты еңбегінде аталған троп түрлерін ұтымды пайдаланып, кейіпкер бейнесін сәтті сомдаған. Ғалым Р. Сыздықова: «бүтіннің орнына бөлшекті, жалпының орнына жалқыны (дараны), үлкеннің орнына кішіні қолданудың негізі сөз мағынасының ауысуы» [9, 203]. Б. Соқпақбаев синекдохаларды шығармаларына көркемдік нәр беру әр сөзді құбылтып айтылатын ойды ажарландыра түсу үшін қолданған. Мысалы,

«Осы үшін жұрт оны **күлкі, әжуа** етіп жүрген кездер болған» (3, 21-б). «**Үйден бізді қарсы алуға төрт –бес адам шықты. Әуелгі шашы желбең етіп, атып шыққан қыз бала Ғалия еді.**» (3, 26-б) «**Қазір енді нем бар қарайлайтұғын? Айдап жүрген арбам ба? Екі қолға бір күрек қайдан да болса табылады**»(3,46-б); «**Үшеуінің мініп келген бір-бір салт аттары бар.**» (3, 47-б)

Бұл мысалдарда автор синекдохаларды берілген ойды құбылтып айту мақсатында қолданған.

«Осы сөз маған төбемнен суық су құйып жібергендей әсер етті. Есімді тез жинап алдым. Ғалиямен оңаша қалған уақытым **минуттап та емес, секундап саналатынын**, соның бәрі текке өтіп бара жатқанын жаңа ұққандай болдым». (3, 51 б)

Үштен-төрттен топ болып қаланы аралауға шықтық. Ауыл балаларына мұндағының бәрі қызық. (3,55б)

«Базар шетінде **екі аяғы тізеден, екі қолы шынтақтан жоқ**, домаланған біреу отыр. Әлгіге қараудың өзі соншалық аянышты. Домаланған құр кеуде. Ұйпаланған жирен шаштың арасы кір-кір.

Қол орнына шолтаң-шолтаң еткен, **томырылып біткен екі жілік-қызыл ет.**» (3, 55 б)
Жоғарыдағы мысалдардан автор синеқдохаларды мезгіл, сандық мөлшер, сын сапа белгілерін айқындап көрсету мақсатында тиімді қолданғанын байқаймыз.

«**Енді біреулер бар-екі иығын жұлып жеп, ұрынарға қара таппай жүрген.** Сөздеріне тұздықтап, боқтық араластырып сөйлейді. Онсыз сөздердің сәні кірмейтін тәрізді» (3,57 б)
Жазушы кейіпкердің жағымсыз мінезін сомдауда синеқдохаларды төгілте қолданған.

Қорыта келгенде, Б.Соқпақбаев шығармаларындағы троп түрлері жазушының тіліне эстетикалық нәр беріп, суреттеп отырған оқиғаның көркемдік әлемін байытқан.

Әдебиеттер:

- 1.Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы.– Алматы: Мектеп, 1966.– 208 б.
- 2.Жұмағалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1969, 243 б.
- 3.Б.Соқпақбаев «Өлгендер қайтып келмейді». – Алматы 2010,355 б.
- 4.Қабдолов З. Таңнамалы шығармалар II том. Алматы, 1983, 456 б.
5. Ефимов А.И. Стилистика русского языка. – М.: Просвещение, 1969.– 262 с.
6. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.
7. Айғабылова А. Қазақ тілі стилистикасы. – Алматы, 1998. – 64 б.
8. Сыбанбаева А. Метафораның тілдік болмысы және концептуалды метафоралар. - Алматы, 2002. - 154 б.
9. Нуржекеева Л.Метонимияның тілдік табиғаты. - Алматы, 1992. - 80 б

References:

1. Hasanov B.Kazak tilindesozderdin metaforali koldanilyi.– Almaty: Mektep, 1966.– 208 b.
2. Zdumagalieva K. Adebiet teorijaci. Almaty, 1969, 243 b.
3. B.Sokpakraev «Olgender kaitip kelmeidi». – Almaty 2010,355 b.
4. Kabdолоv Z. Tandamali sigarmalar II tom. Almaty, 1983, 456 b.
5. Efimov A.I. Stilistika russkogo jzika. – M.: Prosveshenie, 1969.– 262 s.
6. Baitursynov A Shigarmalari. – Almaty: Shazyshi, 1989. – 318 b.
7. Aigabilova A. Kazak tili stilistikasi. – Almaty, 1998. – 64 b.
8. Sabinbaeva A. Metaforanin tildik bolmisi zdane konzeptyaldi metaforalar. - Almaty, 2002. - 154 b.
9. Nurzdekeeva L.Metonimijnin tildik kabati. - Almaty, 1992. - 80 b

Автор туралы мәлімет

Испандиярова А.Т. – А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі, тел.: 87752963078

Испандиярова А.Т. – старший преподаватель, магистр гуманитарных наук Костанайского государственного университета имени А.Байтурсынова, тел.: 87752963078

Ispandiyarova A.T.- senior teacher master of the humanities KostanayState University named after A.Baitursynov, tel.: 87752963078